

Сабилов Болатхан Фазуллаевтің «6D070800 – Мұнай-газ ісі» мамандығы бойынша PhD философия докторы академиялық дәрежесін алу үшін ұсынылған «Мұнайгаз ұңғысынан керн алуға арналған бұрғылау снарядының конструктивтік параметрлерін игеру» диссертациялық жұмысына

## РЕЦЕНЗИЯ

### Таңдалған тақырыптың маңыздылығы

Қазақстанда мұнай және газға барлау ұңғыларын бұрғылау жұмыстары негізінен тұзды асты кешенінің терең орналасқан өнімді горизонттарында жүргізіледі. Ұңғының қатардағы тереңдігі 5000 м және одан да жоғары жатады. Осыған байланысты кернді алу жаңа өнімді қабаттарды ашу әдісі ретінде үлкен маңыздылыққа ие.

### Алынған мәліметтердің негізделу деңгейі

Диссертант Сабилов Болатхан ұсынып отырған, орташа қаттылығы бар жарықшақты таужыныстарда кернді алу техникасы мен технологиясы. Берілген жағдайларда көптеген кезде көрнекті кернді алу мүмкін болмайтыны белгілі. Сондықтан бұл әдіс жоғары деңгейде орындалған деп айтуға болады.

### Диссертациялық жұмыстың ғылыми – практикалық мыңыздылығы

Жалпы жұмысты қортындылай келгенде, Ұңғыдан керн үлгілерін зеріттеу жолымен нақты, геологиялық ақпаратты алу өте маңызды болғандықтан, осы бағытта көп жұмыс жасалғаны белгілі. Осы ғылыми-практикалық есептеу жұмыстарының нәтижесінде бұрғылау снарядын, сақиналы эжектормен жабдықтап, жасанды кері ағым тудыру арқылы, күнделікті процестегі керн ұстап қалу жағдайын төмендетті, әрі экономикалық тиімді нәтиже берді.

### Жоғарда айтылған нәтижелерді алуда автордың сіңірген еңбегі

Мұнайгаз ұңғымаларын бұрғылау кезіндегі алынған керн үлгісіне әсер ететін факторлар талданды;

Мұнайгаз ұңғымаларынан жарықшақты тау жыныстарын бұрғылау кезіндегі керн алу үшін қолданылып жүрген снарядтардың конструктивтік параметрлеріне экспериментальды зерттеу жасалды.

Алынбалы грунтсалғышты және эжекторлы байлауы бар колонкалы снарядтың конструктивтік параметрлері зеріттелді;

Жетілдірілген колонкалы снарядқа тәжірибелік сынақ откізіп және нәтижелеріне талдау жасалынды.

### Зерттеу жұмыстарының нәтижелерінің жариялануы

Жоғарда айтылған мәселелерді шешу үшін келесі зерттеу әдістері қолданылған: мұнай-газды ұңғыларды бұрғылау кезінде жарықшақты таужыныстарды кернді алу үшін қондырғылардың қолданыстағы нұсқаулықтарын талдау; мұнай және газға ұңғыларды бұрғылау кезінде жарықшақты таужыныстарда қолданыстағы қондырғылармен керннің

калыптасуының теориялық зерттеу; сақиналы типті эжекторды қолдана отырып жарықшақты таужыныстарда кернді алуға арналған снарядты құрастыру бойынша тәжірибелік-конструкциялық жұмыстар; сақиналы типті эжектормен жабдықталған кернді алуға арналған снарядты жасау бойынша ұсыныстар.

### **Диссертациялық жұмыстың мазмұны мен рәсімделуі бойынша кемшіліктерге сын – пікір**

Диссертациялық кеңес алдында қорғауға ұсынылған бұл жұмыс, ғылыми және техникалық жағынан өте сауатты, нақты, негізделіп, жазылған. Бірақ та болмашы қателер мен кемшіліктерді айтпай кетуге болмайды.

1. Жұмыстың шолу, яғни бірінші бөліміне көп күш пен уақыт жұмсалған, оны қысқартып жазуға болар еді.

2. 3-ші бөлімдегі схемалардың кемшіліктерін қысқаша сипаттаған. Салыстырмалы түрде, кең көлемде ашып көрсеткенде жақсы болар еді

Бірақ аталған кемшіліктер диссертациялық жұмыстың ғылыми деңгейіне айтарлықтай әсерін тигізбейді деп ойлаймын.

### **Қорытынды**

Б.Ф. Сабировтың диссертациялық жұмысы ғылыми-зерттеу жаңалығы бар толық аяқталған жұмыс деп санаймын. Мақсаттарға жетуге апаратын барлық тапсырмалар зерттеліп, орындалған. Ал ашылған жаңалықтары мен ғылыми-зерттеулер нәтижелері, жарықшақты таужыныстардан кернді алуға арналған бұрғылау снарядын шығаруға және оны далада сынамадан өткізуге мүмкіндік береді.

Жұмыс қарапайым тілмен түсінікті етіп жазылған және барлық техникалық стандарттармен нормаларға сай етіп рәсімделген.

Осы диссертациялық жұмыс ҚР ғылым мен білім саласын бақылау Комитеті талаптарына сай деп ойлаймын. Сондықтан диссертант Сабиров Болатхан Файзуллаұлына «6D070800 - Мұнайгаз ісі» мамандығы бойынша PhD докторы дәрежесін беруге лайықты деп есептеймін.

Техника ғылымдарының кандидаты,  
Орталық - Азия Университеті,  
М және МГИ кафедрасының  
ассоц. профессоры



Е.К.Джексенбаев.

20.10.2017гн